


ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ
И ВЫСШЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

MINISTRY OF SCIENCE
AND HIGHER EDUCATION
OF REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN



Оңтүстік Қазақстан
Мемлекеттік
Педагогикалық
Университеті

Южно-Казахстанский
Государственный
Педагогический
Университет

SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік педагогикалық
университетінің Басқарма
төрағасы-Ректор

Председатель Правления-Ректор
Южно-Казахстанского

Chairman of the Board- Rector of the
South Kazakhstan State Pedagogical
University



Г.Д. Сугирбаева

Хаттама № 12 «22.05» 2023ж.

Протокол № 12 «22.05» 2023 г.

Protocol № 12 «22.05» 2023

БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01404 КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ
СЫЗУ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ПРОГРАММА

6B01404 ПОДГОТОВКА УЧИТЕЛЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА И
ЧЕРЧЕНИЯ

EDUCATIONAL
PROGRAM

6B01404 TEACHER TRAINING OF
ART WORK AND DRAWING

Шымкент 2023

**6B01404 КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ СЫЗУ
МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру саласының коды және атауы:	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды және атауы:	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау
Берілетін дәрежесі:	6B01404 Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Бағдарламаның типі:	Бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ
Жалпы кредит көлемі:	240 академиялық кредит/240 ECTS

Білім беру бағдарламасы өнер және білім факультетінің кеңесінде қаралып Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № _____ « _____ » 2023ж.

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Басқармаға бекітілуге ұсынылды

Хаттама № 11 « 26.04 » 2023ж.

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

Хаттама № 12 « 22.05 » 2023ж.

Келісілген:

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

А.А. Кудышева

Басқарма мүшесі- Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор

Е.Р.Керимбеков

Академиялық істер департамент директоры
Өнер және білім факультетінің деканы

Д.Т. Бердалиев

А.Е. Байбатшаева

Шымкент қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығы КММ директорының у.м.а

Б.Қ.Умарова

Шымкент университетінің Оқу және әдістемелік істері жөніндегі проректоры

А.Керимбекова

Шымкент қаласындағы химия – биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры

Б.М.Касимов

«Жеңіл өнеркәсіп және колледж» МКҚМ директоры
Шымкент қ.

Г.Ж.Тагаева

№ 47 Т.Тәжібаев атындағы мектеп-лицей директоры

Ж.С.Оспанова

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Небесаева Жанар Орынбековна	ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі философия докторы PhD, доцент м.а.	87013770765
2	Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы	ОҚМПУ «Өнер және білім» факультетінің деканы п.ғ.к., доцент м.а.	87014034809
3	Пошаев Данебек Қолдасұлы	ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессор м.а., п.ғ.к.	87016493925
4	Узахова Айнакүл Сламқызы	ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушысы	87716120567
5	Утебаева Алия Тулкибаевна	п.ғ.к., Шымкент универсиеті	87026582145
6	Әуезов Нұрғали	Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің, Өнер пәні мұғалімі – модераторы	87751678881
7	Жузеева Ләззат Ергешовна	Шымкент қаласы, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп – гимназиясының, Өнер пәні мұғалімі	87789966940
8	Рахимжанова Гулзия	№47 Т.Тәжібаев атындағы мектеп-лицей	87079219421

Сарапшылар

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Омер Займоглу	Түркия Республикасы, Анталия қаласы, Акдениз университеті, Бейнелеу өнері факультеті, Анталия дәстүрлі түрік қолөнер қалашығы	+90 532 359 25 80
2	Бекболатова Құралай Маратовна	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Өнер, мәдениет және спорт институты, Алматы қ.	87026806412

Қысқартулар:

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ – Салалық біліктілік шеңбері
ХСБЖ – Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіші
ББ – Білім беру бағдарламасы
ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
ЖОЖ – Жеке оқу жоспары
ЭПК – Элективті пәндер каталогы
ТҚ – Түйінді құзыреттіліктер
ОН – Оқыту нәтижелері
АКТ – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
АБ – Аралық бағалау
МБ – Межелік бағалау
ҚБ – Қорытынды бағалау
ЖБІ – Жалпы білім пәндері
БІ – Базалық пәндер
ПІ – Профильдік (бейіндік) пәндер
МОН – Модульдің оқыту нәтижелері

Мазмұны

Кіріспе.....	6
1 Білім беру бағдарламасының паспорты.....	7
1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы.....	7
1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары.....	7
1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері.....	7
1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері.....	7
2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі.....	8
3 Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен құндылықтары.....	8
3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....	8
3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары.....	8
4 Бітірушінің моделі	8
5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері.....	9
6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты.....	9
7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері.....	11
8. Білім беру бағдарламасының мазмұны.....	13
8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі.....	13
8.2. Модульдер туралы мәліметтер.....	14
8.3. Пәндер туралы мәліметтер.....	21
8.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары.....	38

КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламасы (ББ) университеттің білім беру мақсаты мен құндылықтарының негізінде бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағлұматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасы:

- университеттің білім берудегі саясатын іске асыруға;
- білім беру процесін қазақ, орыс және ағылшын тілінде ұйымдастыру арқылы үштұғырлы білім беруді іске асыруға;
- құзыреттілік көзқарас негізінде оқыту процесінің сапасын арттыруға;
- білім алушылардың өмір бойы оқуға дайын болуына мән беруге;
- білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға, креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы:

- Элективті пәндер каталогын (ЭПК);
- Оқу процесінің академиялық күнтізбесін;
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ);
- Оқу жұмыс жоспарын(ОЖЖ);
- Пәндердің оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус);
- Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін;
- пәндер бойынша күтілетін оқу нәтижелерін;
- білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін;
- кәсіптік практиканы ұйымдастырудың құжаттарын және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да құжаттарды дайындауға негіз болады.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

6B01404 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

Әдістемелік:

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоғары білім беретін 6В01404 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтің кәсіби стандартына сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

Білім беру бағдарламасы қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай жалпымәдени және кәсіби құзыретіліктері қалыптасқан, бәсекеге қабілетті көркем еңбек және сызу пәнінің мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

3.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары

ББ мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- ❖ адалдық;
- ❖ құрмет;
- ❖ ынтымақтастық;
- ❖ ашықтық.

4 БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.

2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.

3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.

4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.

5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.

6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.

7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

5 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер төмендегі қабілеттерге ие болады:

ON1 – көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы ақпараттарды визуализациялау идеяларына, негізделген көркемдік білімі мен түсініктерін көрсетеді;

ON2 – берілген ақпаратқа сүйене отырып оларға сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;

ON3 – танымдық және жалпы мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдайды;

ON4 – көркем еңбек және сызуды, бизнес пен кәсіпкерлік негіздерін оқытудың нақты өмірдегі орны мен ролін дәйектейді;

ON5 – көркем еңбек және сызуды оқытуда, бұйымдарды конструкциялауда, модельдеуде және бұйымдарды этникалық стильге жобалауда оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру мақсатында АКТ-ны пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырады;

ON6 – инновациялық технологияларды, академиялық хатты оқытудың мақсат-міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолданады;

ON7 – критериалды бағалаудың, диагностикалаудың, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасаудың технологияларын пайдаланады;

ON8 – тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін, командада жұмыс істеу дағдыларын, академиялық адалдық принциптері мен ақпараттық мәдениетін көрсетеді;

ON9 – оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыруда, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай біледі;

ON10 – технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалайды.

6. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін университетте олардың білімін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған (күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру):

- ағымдық бақылау;
- межелік бақылау;
- аралық аттестаттау;
- қорытынды аттестаттау.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері бойынша (ағымдық бақылау, межелік бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) критериалды

бағалау технологиясы қолданылады. Бағалау әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде оқытушының аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстарда жүргізген оқу жоспарына сәйкес студенттердің білімін жүйелі түрде тексеру.

Межелік бақылау – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

Межелік бақылау бір академиялық кезең аралығында бір оқу пәні шеңберінде академиялық күнтізбеге сәйкес екі рет 7 апта және 15 аптада өткізіледі.

Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және аралық аттестаттаумен (бақылаумен) аяқталады.

Ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ (СОӨЖ/СӨЖ, МОӨЖ/МӨЖ, ДОӨЖ/ДӨЖ) және т.б. сабақтарында 100 балдық шкалада бағалап электрондық журналға қояды. Ағымдық бақылаудың қорытынды балы сабақтардың түрлері бойынша балдардың үлес салмағы ескеріліп есептеледі. Сабақтардың түрлері бойынша балдарының үлес салмағы академиялық кеңесте бекітіледі.

Сабақтың түрлері	Үлес салмағы
Лекция (L)	K_1
Практикалық (Семинар) сабақ (P)	K_2
Зертханалық сабақ (Z)	K_3
Студиялық сабақ (S)	K_4
БӨЖ (B)	K_5

$$AB = K_1 \cdot L_{op} + K_2 \cdot P_{op} + K_3 \cdot Z_{op} + K_4 \cdot S_{op} + K_5 \cdot B_{op}$$

L_{op} -лекция бойынша, P_{op} -практика бойынша, Z_{op} -зертханалық сабақ бойынша, S_{op} - студиялық сабақ бойынша B_{op} - БӨЖ бойынша орташа балдар.

7-ші және 15-ші апталардағы қорытынды рейтинг балы келесі түрде есептеледі:

$$P1(P2) = 0,6 * AB1(AB2) + 0,4 * MB1(MB2)$$

$P1$ - бірінші рейтинг, $P2$ - екінші рейтинг.

Емтиханға жіберу рейтингісі есептеу:

$$PЖ = \frac{P1 + P2}{2}$$

Емтиханға жіберу рейтингісі $PЖ \geq 50$ болу керек.

Ағымдық және межелік бақылаулар білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды білім алушы емтиханнан жинайды.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептеледі:

$$Қорытынды бағалау (ҚБ) = 0,6 * PЖ + 0,4 * E$$

Оқу нәтижелері мен бағалау әдістерінің сәйкестігі

Оқу нәтижелері	Бағалау әдістері
ON 1,2,3, 5,6,7,8,10	Аудиториялық сабақтардағы белсенділігі
ON 2,3, 7, 10	Эссе
ON 2,3,4, 8	Топтық презентация
ON 2, 3, 6,7, 8	Жоба даярлау(топтық жұмыс)
ON 1, 3, 5	Жеке тапсырма
ON 6, 7, 10	«Төңкеріліс сынып» технологиясы
ON 1,4,7,10	Кейс-стади
ON 1, 2, 3, 4	Ғылыми-зерттеу
ON 8,10	Геймификация
ON 2,5	Портфолио
ON 5, 6,7,9, 10	Практика есебі
ON 1-10	Аралық қорытынды бақылау
ON 1-10	Қорытынды аттестация

7. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ӘДІС - ТӘСІЛДЕРІ

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру процесін ұйымдастырудың міндеттері:

- білім көлемін бірегейлендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарының тиімділігін күшейту;
- білім алушының оқу жетістіктерін тиімді әрі ашық бақылау негізінде айқындау.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берілетін мүмкіндіктер:

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;
- білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету;
- элективті пәндер каталогіндегі пәндерді және модульдерді таңдау;
- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдауы;
- эдвайзерлердің көмегімен білім алушылардың білім траекториясын таңдауы;
- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда академиялық еркіндік;
- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;
- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

- ❖ білім алушы оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын рефлексивті оқыту әдісі;
- ❖ біліктілікке бағытталған оқыту;
- ❖ жеке тұлғаға бағдарланған оқыту;
- ❖ рөлдік ойындар;
- ❖ оқу пікірталастары;
- ❖ кейс-стади;
- ❖ жобалар әдісі.
- ❖ төңкерілген оқыту
- ❖ геймификация
- ❖ бейімдеу тәсілдері
- ❖ бірлескен топтық оқыту;
- ❖ АКТ пайдалану;
- ❖ релаксация әдістері;
- ❖ жеке жұмыс;
- ❖ тікелей оқыту дағдылары;
- ❖ ұжымдық портрет;
- ❖ интерактивті сурет.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялардың түрлерін оқытушы өзі таңдайды. Ғылыми-интеграцияланған оқытуды және кең көлемді ғылыми-зерттеу практикасын дамытуда ғылыми-зерттеу әдістері және академиялық хат қолданылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қолданылатын бейімделген технологиялар.

Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) бар білім алушылар үшін оқу процесін ұйымдастырудың және білімді бақылаудың келесі формаларын қолдану қарастырылған:

Көру қабілеті зақымдалғандар үшін:

- ❖ үлкен әріппен басылған оқу және үлестірмелі материалдарды;
- ❖ дәрістерді жазу үшін анықтамалық жазбаларды.

Есту қабілеті зақымдалғандар үшін:

- ❖ аудиторияда ыңғайлы орынға отыру;
- ❖ материалды түсінуді жеңілдету үшін дәрістерде көрнекі тірек сызбаларды пайдалану;
- ❖ оқу тапсырмаларын жазбаша түрде орындауға және оқу материалын талдауға уақыт көбірек бөлу.

Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) бар білім алушылар үшін интеграцияланған оқыту оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады, яғни ЕБҚ бар білім алушылар қоғамға оңай бейімделу үшін аралас топтарда оқиды. Сабақ жүргізетін оқытушының келісімі бойынша ЕБҚ бар білім алушыларды баспа және электрондық түрдегі оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету көзделеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін денсаулықтары нашарлаған жағдайда дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде қашықтықтан оқыту мүмкіндігі беріледі.

ББ бойынша күтілетін оқу нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқытудың әдіс-тәсілдері

Оқу нәтижелеріне қол жеткізудің әдіс-тәсілдері	Оқу нәтижелері									
	ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10
Лекция	+		+	+	+	+				+
Практикалық әдіс			+		+		+	+		
Байқау әдісі	+				+					
Лабораториялық әдіс	+	+	+		+				+	
Интерактивті лекция	+		+			+				+
Жобалар әдісі			+	+				+		
Кейс-стади		+		+	+	+				+
Оқу пікірталастары	+					+		+	+	
Шығармашылық жұмыс (топтық)		+	+				+		+	+
Проблемалық оқыту						+		+	+	+
Рефлексивті оқыту әдісі		+		+		+				
Критикалық оқыту		+		+			+			+
Төңкерілген оқыту	+		+	+	+	+				+
Геймификация	+	+			+	+				+
Бейімдеу тәсілдері			+		+		+	+		
Интерактивті сурет	+				+					
Жеке жұмыс	+	+	+		+				+	
Ұжымдық портрет	+		+			+				+

Білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған сапаны іштей қамтамасыз ету жүйесі:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- білім алушыларға бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

Кәсіптік практика

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті компоненті болып

табылады.

ББ ерекшелігіне сәйкес келесідей практика түрлері ұйымдастырылады: оқу, тілдік, педагогикалық, өндірістік және дипломалды.

Оқу практикасының мақсаты – болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу. Сонымен қатар болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

Оқу практикасы барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады. Оқу практикасы ББ ерекшелігіне, бейініне сәйкес өткізілетіндігі кафедра мәжілісінде қаралып, практика бағдарламасында көрсетіледі.

Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, педагогикалық-психологиялық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Дипломалды практика дипломдық жұмысты жазатын барлық түлектер үшін бітіруші курста өткізіледі. Дипломалды практика дипломдық жұмыстың жетекшісі арқылы бақыланады.

8. Білім беру бағдарламасының мазмұны

8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі

Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері бітіруші моделіне сәйкес анықталады.

Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін бітіруші моделімен байланыстыру матрицасы

БМ	ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10
1	+		+							+
2			+	+				+	+	+
3		+	+	+						+
4	+	+	+						+	
5	+		+	+		+	+		+	
6			+	+					+	
7					+	+	+	+		

8.2 Модульдер туралы мәліметтер

№	Модульдің ағауы	Модульдің оқу нәтижелері (МОН)	Модульдің құрамындағы пәндер	Модульдің қысқаша сипаттамасы	Циклі	Кредит саны	Бітірушінің моделінің элементтері
1	Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП 01)	<p>MON1 – дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындыққа баға береді.</p> <p>MON2 – азаматтық ұстанымын көрсетеді.</p> <p>MON3 – ғылыми таным әдістерін қолданады.</p> <p>MON4 – тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастық жағдайларға баға береді.</p> <p>MON5 – кәсіби қарым-қатынаста туындаған мәселелерді шешеді.</p> <p>MON6 – тілдік құралдар арқылы өз ойын ауызша және жазбаша түрде интерпретациялайды.</p> <p>MON7 – кәсіби қызметінде АКТ-ны қолданады.</p> <p>MON8 – салауатты өмір салтын ұстану негізі ретінде дене шынықтырудың әдістері мен құралдарын қолданады.</p>	<p>Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы</p> <p>Философия</p> <p>Әлеуметтік-саясаттану білімі: (Мәдениеттану, Психология)</p> <p>Әлеуметтік-саясаттану білімі: (Әлеуметтану, Саясаттану)</p> <p>Қазақ(Орыс) тілі</p> <p>Шетел тілі</p> <p>Ақпараттық коммуникациялық технологиялар</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Ғылыми зерттеулердің әдістері</p> <p>Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері.</p> <p>Экономика және кәсіпкерлік негіздері.</p> <p>Қаржылық сауаттылық</p> <p>Экология және өмір</p>	<p>Модуль болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және моральдық ұстанымын қалыптастыруға, қазақстандық қоғамды жаңғыртуға белсенді қатысатын, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге, табысқа жетуге және кәсіби деңгейге бейімдеуге, экономика мен құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері мен академиялық адалдық қағидаттарын, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы кәсіптік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылар,</p>	ЖБП	56	1, 2, 7

			қауіпсіздігі	көпбасшылық, инновацияларды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.			
2	Педагогикалық-психологиялық дайындық (ППД 02)	<p>MON1 – педагогикалық талдаудың әдіснамасын меңгереді.</p> <p>MON2 – зерттеудің нәтижелерін жинақтайды.</p> <p>MON3 – педагогикалық-психологиялық білімдерін жаңа жағдайға қолданады.</p> <p>MON4 – тәрбие жұмысының отандық және шетелдік тәжірибесін пайдаланады.</p> <p>MON5 – кәсіби коммуникативтілікті және командада жұмыс істей білуді пайдаланады.</p> <p>MON6 – білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді шешеді.</p> <p>MON7 – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін</p>	<p>Оқушылардың физиологиялық дамуы</p> <p>Жас ерекшелік психологиясы</p> <p>Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі</p> <p>Инклюзивті білім берудеге арнайы педагогикалық технологиялар</p>	Модуль балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін, денсаулықты сақтау және нығайту негізінде жеке тұлғаның қалыптасуын, өзекті мәселелер мен әдіснама негіздерін талдауды, педагогикалық зерттеу нәтижелерін жинақтауды, педагогикалық ғылымның дамуының негізгі кезеңдерін қарастырады. Тәрбие жұмысы мен педагогика әдістерін, инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру және жобалауды, инклюзивті білім беру жағдайында ББҰ бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді сипаттайды.	БП/ЖК	17	3, 4, 1,2,7
3	Әдістемелік дайындық (ӘД 03)	<p>MON1 – көркем еңбекті оқыту және қашықтықтан оқыту әдістемесін жаңаша талаптарға және әдістемелік негіздеріне сәйкестендіре құрастырылған бағдарлама сай меңгереді.</p> <p>MON2 – көркем еңбек мазмұнындағы графика және жобалау негіздері, графикалық жобалау идеяларына</p>	<p>Көркем еңбекті оқыту әдістемесі</p> <p>Бағалаудың заманауи технологиялары</p> <p>Графика және жобалау негіздерін оқытудың инновациялық технологиялары</p>	Модульде: көркем еңбекті оқыту әдістемесін оқытудың мазмұндық және әдістемелік негіздеріне сәйкестендіре құрастырылған бағдарлама мазмұнын, ұстанымдарын, әдістерін, критериалды бағалауды, диагностикалауды, сабақ жоспарын жасауды, пәнаралық білімдерді интеграциялауды,	БП/ЖК	21	

		негізделген көркемдік білімі мен түсініктерін көрсетеді; MON3 – мамандық таңдау негіздеріне оқытудағы инновациялық үрдістерді, кәсіпкерлік және бизнес негіздерін оқытуда ақпараттарға негізделген түсініктері қалыптасады.	Көркем еңбекті оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану	зерттеу жоспарымен моделін құрастыруда тәжірибелік жұмыстар жүргізуді, танымды мәселелерді шешуді. Көркем еңбекті оқыту мазмұнындағы графика және жобалау негізінде шығармашылық жұмыстар жасау және олардың өмірге қажеттілігін, креативтілігін бағалау; заттардың конструктивті-көлемді формаларын, түстік тондық қасиеттерін, түрлі АКТ-ны қолданады, мамандық таңдау негіздеріне оқытудағы инновациялық үрдістерді, кәсіпкерлік және бизнес негіздерін оқытуда ақпараттарға негізделген түсініктері қалыптасады.			
4	Визуалды өнер модулі (ВӨ 04)	MON1 – бейнелеу өнерінің шығармаларын визуализациялау идеяларына негізделген көркемдік білімі мен түсініктерін көрсетеді; MON2 – бейнелеу өнері түрлері мен жанрлары көркемдік құралдар арқылы жеткізе алу; MON3 – бейнелеу өнер түрлері мен жанрларын оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес	Визуалды өнер I Бейнелеу өнерінің көркем құралдары	Модуль визуализациялау идеяларына негізделген көркемдік білімі мен түсініктерін, ақпараттарды визуализациялау мен көркем еңбектегі рөлі, бейнелеу өнер түрлері мен жанрларын, әлем бейнелеу өнерінің стильдеріне, сыни тұрғыдан қарау, пікірлер айтуға бағытталған.	ПШ/ЖК	11	
		Визуалды өнер II Бейнелеу өнері түрлері мен жанрлары					
		Визуалды өнер III Түстану, композиция негіздері					
		Визуалды арт					

		<p>практикада қолданады; MON4 – Заманауи Қазақстан суретшілерінің шығармашылығын талдауда, трансформациялауда сыни пікірлейді; MON5 – визуальды өнерді оқытудың нақты өмірдегі орны мен рөлін дәйектейді.</p>	Шығармашылық керамика және мүсін				
5	Кәсіптендіру пәндер модулі (КП 05)	<p>MON1-графика және жобалау негіздері құрамын зерттеуде инновациялық технологияларын қолданады. MON2 – техникалық сызбаны бейнелеу және оқу ережелерін біледі; инженерлік графика жұмыстарында АКТ-ны қолданады; MON3 – графика және жобалау сызбасындағы генжоспар жасауды, құрылыс нормаларын талдайды; сыни тұрғыда пікірлейді; шығармашылық жобаны жоспарлауда пәнаралық білімді бағалайды, MON4 – костюмнің, көне қазақ киімінің заманауи трендтері/ заманауи және ежелгі техниканың тарихи және ақпараттық мәдениет</p>	Графика және жобалау негіздері	Модуль қарастырады: графикалық сызбалар мен жобалау әдістерін, конструкциялық материалдар технологиясын оқытуда пәнаралық білімді интеграциялауды; сызу негіздерін, инженерлік графиканың бірегей конструкторлық құжаттар жүйесін, бөлшектердің графикалық проекциясын, сызбаны безендіру ережелерін негізгі жазуды, техникалық сызбаны бейнелеу және оқу ережелерінде, құрылыс сызбасын сызуды, форматтарды, құрылыс сызбасындағы шрифты, жоспар, фасад, қима тұрғызудағы сызба, генжоспар жасауда АКТ-ны пайдалануды, қазақ және түрлі халықтардың мәдениеті,	ПП/ЖК	50	
		Костюм тарихы (қыздар)/Техника тарихы (ұлдар)					
		Үй мәдениеті сала бойынша (сала бойынша)					
		Тамақтану мәдениеті сала бойынша (сала бойынша)					
		Сәндік қолданбалы өнер негіздері I(сала бойынша)					
	Сәндік қолданбалы өнер негіздері II(сала бойынша)						

		<p>концепциялары негізінде мәселелерді шешу әдістерін талдайды;</p> <p>MON5 – адам өміріндегі тарихи деректердің рөлі мен орнын негіздей алады.</p> <p>MON6 – көркем еңбек мазмұнындағы үй және тамақтану мәдениетін, әлем тағамдарын әзірлеуде командада жұмыс істеу дағдыларын, ақпараттық мәдениетті қалыптастырады;</p> <p>MON7 – сәндік-қолданбалы өнер туындыларының тарихи және қазіргі заманғы шығу тегін сын тұрғысынан бағалайды;</p> <p>MON8 – қолөнері (кілем және гобелен тоқу) негізінде ұлттық өнерді терең игеріп, оларды мәдени тұрғыдан киіз үй әбзелдерін арқылы талдайды;</p> <p>MON9 – тігін бұйымдары технологиясын, мата мен маталар мен тоқыма материалдарын көркем өңдеу технологиялары/радиоэлектроника негіздерін оқытуда түрлі технологиялық операцияларды орындау кезінде АКТ қолданады.</p>		<p>костюмнің/ техниканың тарихи дамуы мен тасымалдануын оқытуда АКТ-ны пайдалану, көне қазақ киімінің заманауи трендтерін арқылы дизайнерлік қабілеттерін арттыруды ұйымдастыру; үй мәдениеті интерьер, жеке бас гигиенасы, өз-өзіне күтім жасау, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, көктемгі жұмыстары, сәндік бұйымдарды 2D/3D бағдарлама аясында жасалуы, ландшафт, өсімдіктері, әлем халықтарының асханасы мен тағамдары, -гобелен, кілем тоқу және зергерлік өнер негізінде жоба жұмыстарын ұйымдастыру және коммуникативтілік, мәдениеттілік таныту; тігін бұйымдарының технологиясы, Маталар мен тоқыма материалдарын көркем өңдеу технологиялары / радиоэлектроника негіздерін оқытуда 3D бағдарламасын, ЦБР-ды пайдалануды, бұйымның эстетикалық сапасын сыни тұрғыда бағалау қарастырылады.</p>			
--	--	--	--	--	--	--	--

6	Дизайн және технология бөлімі (ДТ 06)	<p>MON1 – дизайндағы, өнердегі және технологиядағы заманауи ойлауы және пәнаралық білімді интеграциялай біледі;</p> <p>MON2 – бұйымдарды жасауда заманауи дизайн элементтерін, технологияларды практикада қолданады;</p> <p>MON3 – материалды өңдеу техникасын жүйелі игеруде - коммуникативтілік және ақпараттық мәдениеттілік танытады;</p> <p>MON4 – тігін бұйымдары технологиясын, мата мен маталар мен тоқыма материалдарын көркем өңдеу технологиялары/радиоэлектроника негіздерін оқытуда түрлі технологиялық операцияларды орындау кезінде АКТ қолданады.</p>	<p>Салалық материалтану (қыздар) / Металдар мен конструкциялық материалдар технологиясы (ұлдар)</p> <p>Дизайн және технология негіздері I Технология және техника негіздері (сала бойынша)</p> <p>Дизайн және технология негіздері II Материалды өңдеу технологиясы (сала бойынша)</p> <p>Тігін бұйымдарын конструкциялау және модельдеу (қыздар) / Ағаш өңдеу технологиясы (ұлдар)</p> <p>Тігін бұйымдарының технологиясы (қыздар) / Металл өңдеу технологиясы (ұлдар)</p>	<p>Модуль қарастырады: дизайндағы, өнердегі және технологиядағы заманауи ойлау мен үдерістердің пайда болуы мен дамуы туралы білім кеңістігін түсіндіруді; дизайн және технология негіздерін, тігін бұйымдарын конструкциялау және модельдеуде, ұлттық киім дизайн орындауда АКТ-ны және көркем дизайн принциптері пайдалануды; тігін бұйымдарының технологиясы, маталар мен тоқыма материалдарын көркем өңдеу технологияларын қарастырады.</p>	ПП/Ж К	12	1,2,5,7
Білім траекториясы 1: Визуалда арт-технология							

7	Көркем еңбек және дизайн модулі (КЕД 07)	<p>MON1 – көркем еңбек бөлімдерін үйренеді, оқытудың мақсат-міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сай таңдайды;</p> <p>MON2 – көркемдік іс-әрекеттердің адам өміріндегі орны мен рөлін дәйектейді;</p> <p>MON3 – этникалық стильдегі бұйымдарға берілген ақпаратқа сүйене отырып, сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;</p>	<p>Көркем шығармашылық талдау</p> <p>Этникалық стильдегі бұйымдар әзірлеу (сала бойынша)</p> <p>Сәндегі ұлттық реңк элементтері мен үрдістері</p>	<p>Модульде қарастырылады: көркем еңбекті оқыту практикумында, этникалық стильдегі бұйымдар әзірлеуде, пәнаралық білімдерді интеграциялауды, критериалды бағалауды, инклюзивті білім беру жағдайында АКТ-ны қолдануды, ғылыми зерттеу іс-әрекеттерінің әдіснамалық негіздерін, зерттеу жоспарымен моделін құрастыруда математикалық өңдеулер және тәжірибелік жұмыстар жүргізуді, танымдық мәселелерді шешу.</p>	ПП/Т К	18	1, 2,3, 4, 5, 7
Білім траекториясы 2: STEAM - технология							
8	Көркем еңбек және техника (КЕТ 08)	<p>MON1 – техникалық шығармашылық және ғылыми танымдық мәселелерді шешу жолдарын талдайды.</p> <p>MON2 – ғылыми жоба жұмыстарды заманауи бағытына қарай тасымалдануын, техникалық құрастыруды практикада қолданады.</p> <p>MON3 – түрлі сала бойынша жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялайды.</p> <p>MON4 – ауыл шаруашылығы техникасы және технологиясы</p>	<p>Техникалық шығармалық және ғылыми жоба</p> <p>Ауыл шаруашылығы техникасы және технологиясы</p> <p>Жалпы электротехника және электроника негіздері</p>	<p>Модульде техникалық шығармашылық және ғылыми жоба жұмыстарында мағлұматтарған мәліметтер, ауыл шаурашылық техниканың тарихи дамуы мен заманауи бағытына коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялау, жалпы радиоэлектрониканы терең игеруде АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының графикалық қабілеттерін арттыруды ұйымдастыра білу қарастырылады.</p>	ПП/Т К	18	1,2,6,7,8,9

	<p>оқытуда жаңаша әдістерді, АКТ-ны қолданады; MON5 – жалпы радиоэлектрониканы терең игеруде АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының графикалық қабілеттерін арттыруды ұйымдастырады.</p>					
--	---	--	--	--	--	--

8.3 Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)																		
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10									
Жалпы білім беру пәндері																						
ЖОО компоненті/таңдау компоненті																						
1	Ғылыми зерттеулердің әдістері	Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың заманауи жетістіктері негізінде ғылыми зерттеулерді жүргізудің негізгі теориялық ережелері, технологиялары, операциялары, практикалық әдістері бойынша білім алуға мүмкіндік береді ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау, ғылыми ізденіс, талдау, эксперимент, деректерді өңдеу, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, негізделген тиімді шешімдерді алады	5		+	+				+		+										
2	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері.	ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, академиялық адалдық қағидаттарына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады.		+		+								+	+							
3	Экономика және кәсіпкерлік негіздері	Экономика мен бизнес салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады.						+	+		+											
4	Экология және өмір қауіпсіздігі	Пән қоршаған орта жағдайының өзгеруін бақылау, бағалау және болжау туралы білім береді. Табиғи тұрақтылықтың өзгеру себептерін, табиғи жүйенің біртұтастығы мен құрылымын және қоршаған ортаны қорғау шараларын қарастырады. Азаматтық қорғаныс ұйымының атқаратын жұмыстарымен, зақымдану ошағы және улы заттардың ерекшеліктерімен танысады. Пәннің нақты өмірдегі орнын мен рөлін дәйектеу, пәнаралық білімдерді интеграциялау сипатталады.		+	+					+				+								

		мүмкіндіктерімен шетел тілін меңгерудегі рөлі қарастырылады. АКТ-ны дзайнерлік және визуалды оқытуда қолдану дағдыларын меңгеру арқылы ақпараттық мәдениетін көрсету, пәндік және пәнаралық білімдерін интеграциялау жолдарын жалғастыру сипатталады.																		
Кәсіби дайындық – 98 кредит Бейіндеуші пәндер – 78 кредит																				
14	Визуалды өнер I Бейнелеу өнерінің көркем құралдары	Бейнелеу өнерінің көркемдік құралдары, классикалық өнердің үздік туындылары, бейнелеу өнері шығармаларын орындауда қолданылатын құралдарды практикада қолдану жолдары қарастырылады. Ақпараттарды визуализациялаудың көркем еңбек және сызуды оқытудағы рөлі, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесім, әуе перспективасының өмірдегі орны сипатталады	5	+		+	+												+	
15	Визуалды өнер II Бейнелеу өнері түрлері мен жанрлары	Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларының кескіндеме, графика, мүсін өнері, натюрморт, портрет, пейзаж, дәстүрлі емес материалдардан тақырыптық композиция құрастыру, графика тәсілдері, мүсін құралдары жайлы білімдері қарастырылады. Берілген ақпараттарды визуализациялау идеяларын оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес практикада қолдану арқылы оқушының өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялау білігі сипатталады.	5		+	+	+		+											
16	Салалық материалтану (қыздар) / Металдар мен конструкциялық материалдар технологиясы (ұлдар)	Пәнде тоқыма өндірісінде талшық түрлерінен негізгі маталарды, бейматериалдарды өндіру технологиясы, тоқылуы, құрылысы, қасиеттері, сәндеу материалдары, фурнитуралар, металдар мен конструкциялық материалдар технологиясы, қасиеттері, физикалық құбылыстары, ассортименті, металл және металл емес материалдардың негізгі топтарын қысыммен құю әдістері қарастырылады. Ақпараттарды меңгеруде компьютерлік технологияны, зерттеу құралдарын қолдану, бағалау, пәнаралық білімді интеграциялау білігімен сипатталады.	4										+	+					+	
17	Костюм тарихы (қыздар)/Техника тарихы (ұлдар)	Пәнде әлем халықтарының костюмдерінің тарихы, даму кезеңдері, стильдері, түстері, әшекейлерінің сән бағытына қарай тасымалдану ерекшеліктері, техника тарихы, өндіріс, тау-кен ісі, әскери және энергетика саласы, егін шаруашылығы,	4						+										+	+

		ғарыш техникаларының тарихы, даму кезеңдері кәсіптік оқыту саласы бойынша қарастырылады. Тарихи ақпараттарды практикада қолдану, костюм мен техниканың адам өміріндегі рөлін дәйектеумен сипатталады.												
18	Визуалды өнер III Тұстану, композиция негіздері	Композиция негіздері, заңдылықтары, композицияның тәсілдері мен құралдары, үйлесімді композицияның қасиеттері, коллекцияны құру принциптері, түс сипаттамаларын өлшеу, заттардың түске әсері, түс шеңбері, текстурасы, фактурасы, жарық, түс, тон қарастырылады. Композициялық білімді практикада қолдану, графикалық бейнелерді саналы түрдегі көркемдік бейнелермен композиция құрастыру сипатталады.	5	+	+				+					+
19	Шығармашылық керамика және мүсін	Көркем еңбек және сызуды оқытуда керамика тарихы, керамика бұйымдарын жасау, мүсін өнерімен танысу, әртүрлі пластикалық материалдардан жұмыс жасау, адам денесінің статикасы, пропорциясы, динамикасы, керамиканың үй тұрмысында, құрылыста, техникада, су және әуе көлігінде, мүсін өнерінде АКТ-ны қолдану қарастырылады. Керамиканы визуализациялау идеяларын критералды бағалауды, диагностикалауды практикада қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыра білу сипатталады.	4	+			+	+						+
20	Графика және жобалау негіздері	Графика және жобалаудағы геометриялық проекциядағы нүкте, сызық, жазықтықтарды бейнелеу, сызық типтері, сызба шрифті, екі проекция арқылы үшінші проекцияны, бөлшектің сыртқы көрінісін тұрғызу, жазықтық бетіндегі нүктелер қарастырылады. Графиканың түйіндес өлшемдерін реттеу ережелерін практикада қолдану, пәнаралық білімді интеграциялау, АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының графикалық қабілеттерін, командада жұмыс істеу дағдыларын арттыру, критералды бағалау сипатталады.	5				+			+		+		+
21	Сәндік қолданбалы өнер негіздері I(сала бойынша)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы сәндік қолданбалы өнер түрлері, ұлттық нақыштар, өрнектер, батик, гжель, хохлама, қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі, көркем күйдіру, композиция құрастыруға қажетті материалдары жайлы білімдері қарастырылады. Өнер туындыларын жоба жұмыстарының практикалық бөлімінде қолдану, мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын	5				+	+				+	+	

		талдау, коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетін көрсету, критериялды бағалау сипатталады.												
22	Сәндік қолданбалы өнер негіздері II (сала бойынша)	Пәнді оқытуда киіз үйдің жабдықтары мен әбзелдері, ұлттық және басқа халықтардың тоқыма жұмыс түрлері, өрмек тоқу, құрақ құрау, жүннен жасалатын бұйымдар технологиясы, ағаштан, темірден, сымнан көркем-сәнді заттар жасау, түрлі қолжетімді материалдардан композиция құрастыру, көркем күйдіру тәсілдері, өру техникасы қарастырылады. Этномәдени білімдерін жоба жұмыстарын ұйымдастыруда қолданады, өнер туындыларының сапасын критериялды бағалау қарастырылады.	4		+		+			+			+	
23	Тігін бұйымдарын конструкциялау және модельдеу (қыздар) / Ағаш өңдеу технологиясы (ұлдар)	Бұйымды конструкциялау мен модельдеу әдістері, бұйымды жобалау, ағаш өңдеу технологиясы, технологиялық операцияларды орындау, базалық негізге бағытталған модельдеу түрлері мен тәсілдері, жаңа үлгінің техникалық құжаттарын дайындау жолдары, критериялды бағалау қарастырылады. Конструкциялық білімін практикада қолдану тәсілдері, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау білігі сипатталады.	5		+		+						+	
24	Үй мәдениеті (сала бойынша)	Әртүрлі халықтардың мәдениеті, жеке бас гигиенасы, өз-өзіне күтім жасау, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, көктемгі жұмыстары қарастырылады. Тұрмыстық техниканы, интерьерге арналған сәндік бұйымдарды 2D/3D бағдарлама аясында жасалуы, ландшафт, өсімдіктердің қолданылуы, үйдегі микроклиматтық жағдай, жалпы мәдениет оқушылардың дара ерекшеліктеріне сай сипатталады.	4	+		+		+	+					
25	Тамақтану мәдениеті (сала бойынша)	Пәнде әлем халықтардың мәдениеті, тамақтану мәдениет әдебі, қазақ және түрлі халықтардың мәдениеті, тамақтанудың тәрбиелік мәні, дұрыс тамақтану негізі, дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін, дастарқанды жабдықтау, тағам әзірлеу технологиясы, Әлем халықтарының тағамдары қарастырылады. Жалпы мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдайды, критериялды бағалау, диагностикалау, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыру сипатталады.	5			+		+	+					

		және сызуды оқыту мазмұнында қарастырылады. Ақпараттарды визуализациялау идеяларын, форманың құрылымын орындау техникасын, стильдік жүйелерін практикада қолдану, танымдық және жалпы мәдениет мәселелерін шешу жолдарын талдау, оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыруды ұйымдастыру негізінде сипатталады.												
31	Этникалық стильдегі бұйымдар әзірлеу	Пәнді оқытуда этностильдік заманауи үлгіде ұлттық көп қырлы бұйымдардың (киім, жиһаз т.с.с) типтік ерекшеліктерін жаңғырту мүмкіндігі, ерекшеліктері, әр түрлі елдердің мәдениеті мен ұлттық дәстүрлері, этносқа тән белгілері, сәнді бағыттың ежелгі тамырлары және өткеннің идеялары, заман келбетін анықтауға сыни тұрғыдан қарастырылады, көркем ағымдардың өмірдегі орны танымдық және жалпы мәдениет концепцияларымен сипатталады.	7											
32	Сәндегі ұлттық реңк элементтері мен үрдістері (сала бойынша)	Реңктердің үйлесу негіздері, даму теориясын зерттеу, түс табиғаты негізгі, құрама және қосымша түстер, түстердің араласуы, түс үйлесімі, түс тілі, түс үйлесімі және түс мәдениеті, ұлттық руханият, «қыстық – күздік тенденция» және «көктем – жаздық тенденция», алқызыл түстердің реңктері қарастырылады. Сәндегі ұлттық реңк элементтері мен үрдістерді ғылыми түрде жетілдіру үшін командаларда коммуникативтілік сипатталады	6		+	+				+	+		+	
Білім траекториясы 2: STEAM – технология														
33	Техникалық шығармалық және ғылыми жоба	Техникалық шығармашылық адамның жасына қарамастан шығармашылық әрекеті ретінде, ғылыми білімнің әртүрлі салаларын қарастырады. Техникалық қабілеттіліктерін дамытуға байланысты бірқатар ғылыми зерттеулер арқылы, барлық сала бойынша ғылыми жобалардың түрлері қарастырылады. Шығармашылық тапсырмалар орындау, бұйымдарға өзгерістер енгізу, ойша эксперименттеу, ақаулықтарды іздеу және жою жұмыстарын практикада қолданады.	7								+	+	+	
34	Ауыл шаруашылығы техникасы және технологиясы	Ауыл шаруашылығында қолданылатын техникалардың қолданылу мақсаттарына байланысты топқа бөлінуі (мақта, қызылша, картоп, көкөніс, мал шаруашылығы), дәнді дақылдарды себуге, өсіруге және жинауға арналған түрлері									+		+	+

		қарастырылады. Ауылшаруашылық техникасының түрлерін практикада қолдану, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялау жолдары сипатталады.												
35	Жалпы электротехника және электроника негіздері	Жалпы электротехникадағы электр тізбектері, электрлік өлшеулер ережелері, синусоидалық және тұрақты ток табиғаты, электр машиналарының автоматтандырылған басқару аппараттары, электрондық күшейткіштердің, генераторлардың, түзеткіштер мен стабилизаторлардың, сандық құрылғылары мен өлшеу аспаптарының құрылыстары қарастырылады. Электр құралдарын және электрониканы практикада қолдану, бағалау, диагностикалау, кәсіптік саласы бойынша өмір бойы білім алу қажеттілігі сипатталады.	6		+			+			+		+	